

Жеміс өсімдіктерінің нәсілдік алуан түрлілігін сақтау – жетістіктердің кепілдігі



Қазақстанның оңтүстігі мәдени өсімдіктердің Кіндік Азиялық шығу орталығының солтүстік қанаты болып табылады. Осының арқасында Қазақстан ғаламдық маңызы бар бірқатар нәсілдік ресурстар топтасқан жер шарындағы маңызды аумақтардың бірі болып саналады. Олай болатын жөні де бар. Қазақстанда 6,1 мыңға жуық өсімдік түрлері өседі, оның 740 түрі – эндемиктер. Бұл бүкіл Кіндік Азияның түр құрамының (8,1 мың) 75%-ы, ал эндемиктерінің (890 түр) 83 %-ын құрайды.

Ғаламдық маңызы бар нәсілдік ресурстар болып табылатыны - жеміс дақылдарының түбі, тегі болып есептелетін жабайы жеміс және жаңғақ ормандары. Бұл орман түзушілер - жабайы алмалар (*Malus sieversii* M. *niedtzwetzkiana*), өрік (*Armeniaca vulgaris*), алмұрт (*Pyrus regelii*, *P. communis*), пісте (*Pistacia vera*), жабайы жүзім (*Vitis vinifera*), жаңғақ (*Juglans regia*). Бұл өсімдіктердің көптеген сорттары ежелден өсіріліп, дәстүрлі дақылдарға айналған. Сондықтан бүгінгі күнге дейін ежелгі сорттар мен мәдени формалары сақталған. Қазіргі уақытта Қазақстанның оңтүстігінде шабдалы (*Persica vulgaris*), анар (*Punica granatum*), хурма және т.б күнгеілік дақылдар да кеңінен өсірілуде.



Қазақстан селекциясының келешектегі бағаланатын алманың жаңа сорты Қымбат

Жергілікті дәстүрлі сорттар, күннен-күнге қиындап келе жатқан экологиялық жағдайлардағы ауылшаруашылық өндірісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жабайы алмалар (*Malus sieversii* M. *niedtzwetzkiana*), өрік (*Armeniaca vulgaris*), алмұрт (*Pyrus regeliana*), жабайы жүзім (*Vitis vinifera*) және олардың жартылай жабайылануға жақын ежелгі сорттарының бірқатар артықшылықтары бар. Олар зиянкестер мен ауруларға -биотикалық стресстерге және құрғақшылық пен ыстық сияқты абиотикалық стресстерге төзімді келеді. Осы бір сапалық қасиеті оларды өте бағалы нәсілдік ресурс ретінде қарастыруға негіз береді. Бұл ресурстар арқылы ауылшаруашылық дақылдарының жағымсыз факторларға төзімділігін арттырып, жақсартуға болады. Олардың барлығы дерлік жергілікті тұрғындар үшін азық - түлік, ал жемісті жылдарда - табыс көзі ретінде өте маңызды.

Орталықтандырған экономикадан нарықтық экономикаға көшкен соң, Қазақстан Кіндік Азиядағы басқа елдердегідей азық - түліктік қауіпсіздігі, кедейшілік, қоршаған ортаның ластануына байланысты даму мәселелерімен бетпе - бет келді. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу ауылшаруашылық өндірісін қарқынды дамытуды талап етеді. Өз кезегінде бұл биологиялық алуан түрліліктің кемуіне, әсіресе жеміс дақылдарының нәсілдік эрозиясына алып келеді.

Кіндік Азиядағы жеміс дақылдарының жергілікті сорттары мен жабайы жеміс түрлерінің өте бай, алуан түрлілігін қорғап, сақтау жұмыстарын бірігіп атқару үшін, осы өңірдегі елдер «Bioversity International» - үйлестіруімен, Ғаламдық экологиялық кордың (ГЭФ) қосымша қаржыландыруы-



Сыйлық-Қазақстан селекциясының жоғары өнімді алмұрты



мен және БҰҰ - ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының (ЮНЕП) қолдауымен.

«Ауылшаруашылық биологиялық алуан-түрлілікті (Кіндік Азиядағы жеміс дақылдары мен жабайы жеміс түрлері) in –situ/on farm сақтау және пайдалану» атты аумақтық жобаны іске асыруға кірісті (2006-2010).

Жобаны іске асырған жағдайда Кіндік Азияның барлық бес елінде жеміс дақылдарының жергілікті сорттары мен жабайы жеміс түрлерінің нәсілдік алуан түрлілігінің сақталуы мен пайдаға асуы жақсара түседі. Осы маңызды ресурстарды сақтау фермерлік өндірістің дамуына және жергілікті тұрғындардың тіршілігін жақсартуына пәрменді қолдау болып табылады.

Жобаның негізгі мақсаттары мыналар:

- Шешім қабылдайтын адамдарға жеміс дақылдарының нәсілдік ресурстарын қорғау мен пайдаланудың құқықтық негізін күшейту құралдарын беру;
- Жеміс дақылдарының жергілікті сорттары мен жабайы жеміс түрлерін бағалау, құжаттау және тиімді қолдан басқару;
- Мүдделі адамдардың көпшілігінің кеңінен қатысуына, олардың арасында күшті ынтымақтастық орнатуға және бірігіп шешім қабылдануына ықпал ету;
- Жергілікті, ұлттық және аумақтық деңгейде жеміс дақылдарының нәсілдік алуан түрлілігін қорғауды барлық аспектілерде іске асыру мүмкіншіліктерін күшейту.

Жобаның нәтижелері төмендегідей болады:

- Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда және Өзбекстанда жеміс дақылдары мен жабайы жеміс түрлерінің нәсілдік алуан түрлілігін қорғау және оларды тиімді пайдалану;
- Жеміс дақылдарының жергілікті сорттары мен жабайы жеміс түрлерін in –situ/on farm сақтау мәселелерімен айналысып, жобаға қатысушылардың - зерттеушілердің, ауылшаруашылық қызметкерлерінің, фермерлер мен шаруашылық ұйымдардың, осы жұмыстың саясатын анықтайтын адамдардың мүмкіндігін арттыруды күшейту;
- Жеміс дақылдарының нәсілдік алуан-түрлілігінің деңгейі мен таралуы және ауылшаруашылық өндірісінің тұрақтылығы мен экологиялық тепе - теңдігін сақтау туралы ақпарат - білімді кеңейту;
- Жеміс дақылдарының жергілікті сорттарын сақтау шараларын қолдап жүрген фермерлер және олардың жергілікті қауымдастықтардың құқықтық және заңдық базасын жетілдіру;
- Ғаламдық маңызы бар осы ресурстары сақтауға өз үлесін қосатын жеміс дақылдарын бірігіп басқару моделін дайындау және енгізу.



Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы жергілікті өріктің формасы "Гюлхак"



Қазақстан селекциясының асханалық жүзімнің жаңа сорты "Жамиля"

